**Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 2 ХАТТАМАСЫ**

2023 жылғы «27» ақпан

**Кеңестің толық атауы:** Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі.
**Кеңестің орналасқан жері**: Шахтинск қаласы, Молодежная көшесі 51Б
**Отырысты өткізу орны:** Шахтинск қаласы, Молодежная көшесі 51 Б
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері қатысты:

1. Ж.Е.Бердинова
2. А.Ю.Галкина
3. Е.Е.Колобовникова
4. Д.Р.Култасова
5. С.В.Лукина
6. А.А.Садуова
7. Т.А.Сенько
8. Е.Г.Никульникова

**Күн тәртібі:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарымен танысу.
2. Педагогикалық этиканы сақтау ережелерін қарау.
3. Талқылау "Әкімшілік бұзушылықтар туралы" ҚР Кодексінің негізінде "ата-аналарды жауапкершілікке тарту туралы"409-бап.

Бірінші мәселе бойынша №7 мектептің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің төрайымы А.А.Садуова сөз сөйледі. Кеңес мүшелерін педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.

**Шешім:** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. №7 мектептің педагогикалық ұжымын педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарымен таныстыру.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Е.Е.Колобовникова сөз сөйледі. Өз сөзінде №7 ЖББМ

педагогтарының педагогикалық этика бойынша ережелерді міндетті түрде сақтауын атап өтті.

**Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынаста педагогтар:**

1) адамның жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан оның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) білім беру процесіне қатысушыларға аты-жөні бойынша, құрметті нысанда, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгінеді, білім беру процесіне қатысушылардың есімдерін жазуда және айтуда ерікті бұрмалау фактілеріне жол бермейді;

3) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан мұндай әрекеттердің жолын кесуге күш салады;

4) өз іс-әрекеттерімен олар қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермейді, оған шыдамдылықпен қарайды, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды қолданады;

5) білім беру процесіне қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетеді;

6) педагогикалық әдепті бұзғаны үшін шағымданған адамдарды кемсітуге болмайды;

**Әріптестермен қарым-қатынаста мұғалімдер:**

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, сыпайы және дұрыс;

2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

3) негізсіз және дәлелсіз шағымдар мен өтініштерден бас тартады, педагогикалық әдепті бұзғаны үшін шағым жасаған адамға қарсы жауап шараларын қолданбайды.

Педагогикалық әдепті бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Педагогикалық әдепті сақтау мониторингін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі тиісті кеңестері жүзеге асырады.

**Шешім:**

1. №7 ЖББМ педагогтері Е.Е.Колобовниковтың ақпаратын назарға алсын.
2. №7 ЖББМ педагогтеріне білім беру процесіне қатысушылармен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп ережелерін сақтау.

Үшінші мәселе бойынша Ж.Е.Бердинова қатысушыларды "Әкімшілік бұзушылықтар туралы" ҚР кодексінің негізінде "Оқушылардың ата-аналарын жауапкершілікке тарту туралы" 409-бабымен таныстырды. (презентация қоса беріледі)

**Шешім:** 1. Оқушылардың ата-аналарын «Білім туралы» ҚР заңын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту 47,43-бабы.

ҚР ӘҚБтК 409, 127-баптары бұзылған жағдайда оқушылардың ата-аналары мен олардың заңды өкілдерін әкімшілік жауапкершілікпен таныстыру.

Төрайымы А.А.Садуова
Хатшы Д.Р.Култасова